## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** **Болашақ МДҰ**
**Балалардың жасы:** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 19.02-23.02.2023-2024 оқу жылы
**Топ тәрбиешілері:** **Алибекова Г.**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** 19.02.2024 | **Сейсенбі** 20.02.2024 | **Сәрсенбі** 21.02.2024 | **Бейсенбі** 22.02.2024 | **Жұма** 23.02.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсыалу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет) | | | | |
| | Балаларды көтеріңкі көңіл-күйді білдіретін смайликтермен қарсы алу.(Музыка) | Балаларды әсем әуенмен жүрек шармен қарсы алу(Музыка) | Балаларды нейро жаттығулармен қарсы алу | Балаларды амандасу бұрышында нейро жаттығулар арқылы қарсы алу (Музыка) | Балаларды амандасу бұрышында қарсы алу (Музыка) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер | | | | |
| | Сұрақтарға жауап беру, ұсыныстарды тыңдау | Демалыс кезінде күн тәртібін сақтау, туралы кеңестер беру. | Отбасындағы бала тәрбиесі жайлы кеңестер беру | Қыс мезгіліне арналған киіну үлгісі туралы кеңестер беру | Жеке бас гигиенасын сақтау туралы кеңестер беру |
| **Балалардың дербес** | Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары ( жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітап тарды қарау және басқалар) | **Дидактикалық ойын:«Сиқырлы сандар»** **Мақсаты:** 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) | **Сюжеттік-рөлдік ойын:«Бізді қоршаған орта»** **Мақсаты:** Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) | **Дидактикалық ойын:«Көлік түрлері»** **Мақсаты:** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) | **Дидактикалық ойын: «Заттарды ретімен санау»** **Мақсаты:** Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) | **Дидактикалық ойын: «Беске дейін сана»** **Мақсаты:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті, физикалық дағдыларын дамыту)** (затсыз) | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">1. Кіріспе бөлімі Бір-бірден тізбектеліп жүру, қолдарындағы таяқшаларын жоғары көтеріп. Таяқшаны кезекпен тізеге тигізіп,жүру. Таяқшаны кеуде тұсында ұстап,шеңбер ішіне кейін шеңбер сыртына қарап қырмен жүру. Таяқшаны кеуде тұсында ұстап қос аяқта секіру. Жеңіл жүгіру.<br>Бөлініп 3коллонаға тұру.<br>Созылып аракашықтықты қадағалау. 1ш 0,5ш 0,5ш 0,5ш 1ш<br>2. Негізгі бөлімі 1.Б.к.: түзу тұру, аяқтың арасын сәл ашу,таяқты алдына тік ұстау. жоғары көтеру, оған қарау, бастапқы қалыпқа келу.<br>2.Б.к.: аяқты айқастырып,еденге отыр екі қолмен алда тігінен ұстау. Солға бұрылу, қолды тік ұстап, бастапқы қалыпқа оралады.Кейін оңға.<br>3.Б.к.: түзу тұру, аяқты иықтың көлемінде ашу, қолда таяқ . Алға төмен иілу,отыру.Бастапқы қалыпқа оралу 4.Б.к.: арқаға жату, таяқты кеудеге қойып, екі қолмен ұстау. Аяқты жоғары көтеріп ұшына таяқты тигізу,бастапқы қалыпқа оралады.<br>5. Бір орында секіру таяқшаны қос аяқта оңға-солға секіруден. Кезектестіріп жәй жүру. 6-8р 6 -8р 6-8р 6р 6-8р 10р<br>3. Қорытынды бөлімі Тынысты қалыптастыру.Таяқшаны жоғары көтеріп,төмен түсіруден. Бір қатарға тұрып жәй жүру. 6-8рет.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау ( мәдени –гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет көрсету;<br>Еңбек дағдылары :қажетті ыдыстарды кою, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедулар ( колды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп кою,көркем сөздерді колдану<br>Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйымның кестесі</td><td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:<br>«Аңдардың жүрісін салу»</td><td>Музыка<br>Маман жоспарына сәйкес</td><td>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Жалғыз аяқ жолмен»</td><td>Музыка<br>Маман жоспарына сәйкес</td><td>Дене шынықтыру (Таза ауада)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдас-тырылған іс-әрекет** | **Міндеті: Тепе-теңдікті сақтау:** сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15сантиметр) жүру. сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу;<br>Ұйымдастыру бөлімі:<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. | | **Міндеті:Жүру:** өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Ұйымдастыру бөлімі:<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.Аяққа арналған жаттығулар.<br>Негізгі қимылды жаттығулар: -<br>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен | | **Тақырыбы: «Төмпешіктен төмпешікке»**<br>**Міндеті:**Үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.<br>Ұйымдастыру бөлімі:<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу.<br>Негізгі қимылды жаттығулар:<br>-Үрленген доптардан (бір- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Кеудеге арналған жаттығулар.Аяққа арналған жаттығулар. Негізгі қимылды жаттығулар: - Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15сантиметр) жүреді. -Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық бойымен жүреді. - Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; Бақылау, көмек беру. Қимылды ойын: «Құстар мен мысық» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін | | (оңға және солға), сапта бір-бірден жүреді. - Жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді.(қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру) Қадағалау, бақылау, көмек беру. Қимылды ойын: «Бақалар” Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу. Тыныс алу жаттығуы: «Мұрынмен тыныстау» **Қазақ тілі** **Тақырыбы:Зейінді баламыз** Міндеті: Артикуляциялық және дауыс аппаратын, | | бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өтеді. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Қадағалау, бақылау, көмек беру. Қимылды ойын: «Көжектер» Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтары н, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты салтына тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын , белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Еркін ойындар ойнау Еркін ойындар ойнау. | | сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға Шаттық шеңберінде: «Қайырлы таң» Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, балабақшам -Қазір жылдың қай мезгілі? –Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай? Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін ата» 1. Артикуляциялық жаттығу: «Сағат тілі» Сергіту сәті: Ал ,балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, бір Отырып, бір тұрып , Сәл тынығып | | Қадағалау, бақылау, көмек беру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Еркін ойындар ойнау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | алайық. (Қимылмен орындайды, қайталайды) Қорытындылау. Балаларды жетондармен мадақтау | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну ( **ауа-райына байланысты**),дұрыс киіне білулерін бақылау ( **Сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту**) | | | | |
| **Серуен** -бақылау, зерттеу әрекеті; еңбекке баулу -қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындар мен жаттығулар; -балалардың дербес әрекеті; | Серуен №21 Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. Мақсаты: ауа райын бақылау. Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну.<br>1. Сық па, жылы ма?<br>2. Күн желді ме, жоқ па?<br>3. Балалар қалай киінген?<br>4. Ауа райының жайы қалай анықталады? | Серуен №22 Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. Мақсаты: өткен күндердегі дей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. Күзде олар қандай болғанын еске түсіру. Қандай өзгеріс бар? Бір ағашты анықтап, суретін салып, оны күнтізбеге сақтау. Балалар бала бақшада тәрбиешінің көмегімен ауа райының | Серуен №1 Қар үстіндегі іздерді бақылау. **Мақсаты:** балалар ды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер | Серуен №2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. **Мақсаты**: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғаұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, | Серуен №3 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. **Мақсаты**: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5. Күн шуақты ма, әлде бұлыңғыр ма?<br>6. Қар жауып тұр ма?<br>7. Жуырда қар жауып, өттіме ме?<br>Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу.<br>Тапсырма: бұлттың суретін салу.<br>Көркем сөз<br>Далада қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастархан жапқандай, | жағдайын күнтізбеге белгілеу.<br>Тапсырма: «Ашық аспан» тақырыпта сурет салу. Қағаз түстерінің бояуын түстеп, бір бояудың үстіне екінші бояуды жаға отырып, түсін келтіруге үйрету.<br>Көркем сөз:<br>Бүрсең қағып жапырақтар,<br>Көше кезіп көшіп жатыр.<br>Тыныш қалған атыраптар,<br>Аппақ қарға тосып жатыр.<br>Қимылды ойындар: «Соқыр теке».<br>Мақсаты: шеңберде тез жүгіруге жаттықтыру, | жақсы көрінеді?<br>**Көркем сөз:**<br>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,<br>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті – басы ақ қырау түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап келіп қалды.<br><br>(Абай)<br><br>**Еңбек**: құс тар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу.<br>**Мақсаты**: қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын**: «Ақ қоян»<br>**Мақсаты**: | олар бір—біріне өте ұқсас келеді.<br>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі.<br>**Көркем сөз:**<br>Жазда көлге мұз қатты,<br>Табанымды мұздатты.<br>Мұз ойылып кетті | **Тапсырма:** «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну.<br>**Көркем сөз:**<br>Тазалашы мұз болған,<br>Есік алды тайғанақ жата берсін.<br>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,<br>Шыға беріп жалтақтай,<br>Ұшып түсті қалпақтай.<br>**Қимылды ойын:** «Аңшы мен қояндар»<br>**Мақсаты**: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.<br>**Еңбек:** Тәрбиеші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көз тоймайды қарасаң.<br><br>Қимылды ойын: «Арқан тарту!»<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру.<br>Еңбек: кішкентай балдырғандардың ойнайтын ауласын қардан тазарту.<br>Мақсаты: балаларды өздерінен кішілерге қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс: алдағы тосқауылдан өтерде: жүгіру, еңбектеп жүгіруге, | ептілікке үйрету, ойынның сөздерін дұрыс айтқызып жаттату.<br>Еңбек: қатқан мұз жолын тазалап, су құйып ретке келтіру.<br>Мақсаты: алаңшада тазалық, тәртіп сақтап, судың мұзға айналғанын көріп, қызықтау...<br>Жеке жұмыс: «Кім алысқа лақтырады?». Қар түйіршіктерін алысқа лақтыруға жаттықтыру.<br>Жорамалдар:<br>1. Қыс аязды болса – жаз ыстық болады.<br>2. Қыста қар мол болса – жазда жаңбыр мол болады. | балаларды ептілікке баулу.<br>**Жеке жұмыс:** бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.<br>**Мақал:**<br>Жемберсең құсқа қыста, сауабы тиер оның жазда. | тез,<br>Күліп едік, біз қатты.<br>**Қимылды ойын** «Ортаға түспек»<br>**Мақсаты**: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету.<br>**Еңбек**: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.<br>**Жеке жұмыс**: шаңғыда жүре білуге машықтану.<br>**Мәтел:**<br>Қар көп болса, астық көп болады.<br>**Жұмбақ:**<br>Қолы жоқ, сурет салады<br>Тісі жоқ, тістеп алады. | жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.<br>**Мақсаты**: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру.<br>**Жеке жұмыс**: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру.<br>**Жұмбақ**: Құм сиақты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіруге жаттықтыру. | 3. Ағашқа қырау тұрса – күн жылы болады. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. ( көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі) | | | | |
| | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі қонақта. Люллия шеңберімен ойнау. Мақсаты: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, | «Тырна мен түлкі» ертегісі. Люллия шеңберімен ойнау. Мақсаты: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа | Дидактикалық ойын:«Жаңылдырар жаңылпаштар елінде» Мақсаты:Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі | «Мақта қыз бен мысық» ертегісі қонақта. Люллия шеңберімен ойнау. Мақсаты: Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.Өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға баулу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) | Дидактикалық ойын:«Сиқырлы доп» Мақсаты:Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) | қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қазақ тілі) | интонацияларды, үзілістерді, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) | | баулу. Оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) |
| **Түскі ас** | **Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** ( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)<br>**Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгінііліп қою,көркем сөздерді қолдану,мысалы:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **( тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітап | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқу **( көркемдік қызмет)** | | | | |
| | Релаксация «Біздің аяқтарымыз демалады» (Дене шынықтыру) | Релаксация «Алақанға арналған ұйқы» Мақсаты: ояту. (Музыка) | Мақсаты: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтауға үйрету. (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Тыныш музыка қосу.(музыка) | Мақсаты: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету Тыныш музыка қосу.(музыка) | Релаксация «Алақанға арналған ұйқы» Мақсаты: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге үйрету. (музыка) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсек үсті жаттығулары.<br>Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. Балалардың жалпы физиологиялық жетілуін жақсарту, қимыл қозғалыс арқылы биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру, жағымды эмоцияналды көңіл күй ортасын жасау.<br>1. Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу.<br>2. Қайық жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу.<br>3. Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп - түсіру<br>4. Шаңғы жаттығуы. 2 аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып - жинау. Табанды төсек үстіне үйкеу.<br>5. Ашулы мысық. Тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру.<br>6. Мейірімді мысық. Белді бүгіп, басты жоғары көтеру. | | | | |
| **Бесін ас** | Бесінас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау ( **мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру.Тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | |
| **Балалардың дербес** | Дидактикалық ойын: «Ғажайып | Дидактикалық ойын: «Қазақ | Дидактикалық ойын: «Ою | Дидактикалық ойын: «Әсем | Дидактикалық ойын: «Әдемі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| әрекеті | себет» **Мақсаты:** Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, | халқының ұлттық бұйымдары» **Мақсаты:** қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br><br>(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) | құрастыру» **Мақсаты:** Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру) | гүлдер» **Мақсаты:** Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) | гүлдер» **Мақсаты:** Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көкөністерді, гүлдерді, оюларды киюда қолдану.<br><br>(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалармен жеке жұмыс, жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | Аяулымға бейнелейтін заттарды қарап, қолмен ұстап зерттеуге қызығушылығын ояту. | Әміреге бірнеше бөліктен тұратын заттарды мүсіндеуге үйрету. | Айсұлуға кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтауды қалыптастыру. | Миланаға өлеңдер, санамақтарды жатқа айтуға үйрету. | Ермаханға мүсіндейтін затты қолына алып зерттеп, өзіне тән ерекшеліктерін беруге үйрету. |
| | | | | | |
| | **«Дидактикалық ойын: «Көңілді пішіндер»**<br>**Мақсаты:** Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету | **Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** Заттарды қашықтыққа лақтыру. | **Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандар»**<br>**Мақсаты:** 5 саны көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. | **Дидактикалық ойын:«Сиқырлы дыбыстар»**<br>**Мақсаты:** белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. | **Жаңа ғимарат»** ойын бұрышында конструктормен құрастыру<br>**Мақсаты:** Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| **Серуенге** | **Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау**. Ретімен киіну ( ауа-райына | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **…дайындық** | байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау ( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Серуен** | Серуен №21 Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. Мақсаты: ауа райын бақылау. Ауа райына көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну. | Серуен №22 Табиғат күнтізбесі бойынша ауа райын бақылау. Мақсаты: өткен күндердегі дей ауа райын бақылау. Ағаштарды анықтап зерттеу. | Серуен №1 Қар үстіндегі іздерді бақылау. **Мақсаты:** балалар ды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қаситтерін қалыптастырып, толықтыра түсу. | Серуен №2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. **Мақсаты**: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. | Серуен №3 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. **Мақсаты**: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. | | | | |